



## **«Биология пәндері бойынша қашықтықтан оқыту үдерісін жоспарлау және бағалау» республикалық ғылыми-әдістемелік вебинары**

### **Баспасөз хабарламасы**

Қазіргі кезде жоғары оқу орындарының қашықтан оқуға өтуіне байланысты цифрлық оқытудың өзектілігі арта түсті. Биология пәндерін цифрлық оқытудың өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл орта мектеп пен жоғары оқу орындарында жаратылыстану пәндері бойынша цифрлық оқытудың даму тенденцияларын, олардың өзара байланыстары мен ықпалдастықтарын талдауды қажет етеді.

Аталған салада тәжірибе алмасу және қашықтан оқытуды ұйымдастырумен танысу мақсатында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жаратылыстану және география институтының биология кафедрасы 2020 ж 15 сәуірі сағат 15.00-де биология ғылымы мен білім беру бағытындағы жетекші ғалымдар мен оқытушылардың қатысуымен республикалық ғылыми-әдістемелік вебинар өткізеді.

Вебинар барысында биология пәндері бойынша қашықтықтан оқыту үдерісін жоспарлау мен ұйымдастыру ерекшеліктері, білім берудегі цифрлық технологиялар, қашықтан оқыту үдерісінде оқытушы мен білім алушының өзара оқу іс-әрекеттері, қашықтан оқытуда білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың өзекті мәселелері талданатын болады.

*Вебинар модераторы:* Абай атындағы ҚазҰПУ оқу ісі жөніндегі проректоры Сәтмырзаев Асан Адасбекұлы.

*Спикерлер:* Байкенжеева Айнур Турдыбаевна, б.ғ.к., Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, жаратылыстану институты, биология, география және химия кафедрасының доценті; Загриценко Ирина Петровна, б.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ жаратылыстану және география институтының биология кафедрасының доценті; Бабашев Адразак Маханович, б.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ жаратылыстану және география институтының биология кафедрасының профессоры; Аманжолов Рустам Адилевич, Абай атындағы ҚазҰПУ жаратылыстану және география институтының биология кафедрасының оқытушысы; Нургалиев Нурым Уаиулович, Абай атындағы ҚазҰПУ жаратылыстану және география институты, «6D011300 – Биология» мамандығының, 2 курс докторанты; Башенова Маржан Акылжановна, Абай атындағы ҚазҰПУ жаратылыстану және география институтының биология кафедрасының оқытушысы.

Вебинар туралы барлық ақпаратты университеттің Call орталығында 8 (727) 221 85 14 телефоны арқылы білуге болады.